

**"Ақтау теңіз сауда порты" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын жекешелендірудің орындылығын зерделеу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1999 жылғы 27 сәуір N 52-ө

"Ақтау теңіз сауда порты" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын жекешелендірудің орындылығын зерделеу мақсатында:

1. Мына құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Құзытбаева Ажар - Қазақстан Республикасының Көлік,  
Қылымбекқызы коммуникациялар және туризм вице-министрі  
жұмыс тобының жетекшісі

Доминов Евгений - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі  
Евгеньевич Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті  
төрағасының орынбасары, жетекшінің орынбасары

Әбілғазин Талғат - "Ақтау теңіз сауда порты" республикалық  
Байтемірұлы мемлекеттік кәсіпорнының директоры

Демеу Айдар - Қазақстан Республикасының Энергетика,  
Сағыдатұлы индустрия және сауда министрлігі Мұнай және  
газ департаменті жаңа жобалар бөлімінің  
бастығы

Жуланова Людмила - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі  
Аркадьевна Кеңесі Қаржы-экономикалық сараптама  
бөлімінің сектор меңгерушісі

Коваленко Петр - Қазақстан Республикасының Көлік,  
Данилович коммуникациялар және туризм министрлігі Су  
көлігі департаментінің директоры

Мәтішев Әлиасқар - Қазақстан Республикасының Қаржы  
Болатұлы министрлігі Мемлекеттік мүлік және

жекешелендіру

комитеті Ұлттық компаниялар және жеке  
жобалар басқармасының жетекші маманы

Мекебаев Әділет - Қазақстан Республикасының Әділет  
Адамұлы министрлігі заң және халықаралық құқық  
департаментінің бас маманы

2. Жұмыс тобы "Ақтау теңіз сауда порты" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын жекешелендірудің орындылығы жөніндегі мәселені зерделесін және 1999 жылдың 1 тамызына дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізісін.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кіретін орталық атқарушы органдар, ведомстволар өз құзыретінің шеңберінде және Маңғыстау облысының әкімі жұмыс тобының қызметіне жәрдем көрсетсін.

Премьер-Министр

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.